



**Өзбекстан Республикасының Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы
2000 жылғы 10 қазандағы шартқа қосылуы туралы хаттамаға қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 23 қаңтардағы N 37 Жарлығы
"Президент пен Үкімет актілерінің
жинағында" жариялануға тиіс

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Өзбекстан Республикасының Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы 2000 жылғы 10 қазандағы шартқа қосылуы туралы хаттаманың жобасы мақұлдансын.

2. Өзбекстан Республикасының Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы 2000 жылғы 10 қазандағы шартқа қосылуы туралы хаттамаға қол қойылсын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2006 жылғы 23 қаңтардағы

N 37 Жарлығымен

МАҚҰЛДАНҒАН

Жоба

**Өзбекстан Республикасының Еуразиялық экономикалық
қоғамдастық құру туралы 2000 жылғы 10 қазандағы**

шартқа қосылуы туралы

ХАТТАМА

Бұдан әрі Уағдаласушы Тараптар деп аталатын, Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа (бұдан әрі - ЕурАзЭҚ) мүше мемлекеттер болып табылатын Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы және Тәжікстан Республикасы бір тараптан және Өзбекстан Республикасы екінші тараптан,

Өзбекстан Республикасының ЕурАзЭҚ-қа мүшелікке кіруі туралы өтінішін назарға ала отырып,

Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы 2000 жылғы 10 қазандағы шарттың 9-бабын басшылыққа ала отырып, төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Осы Хаттамамен Өзбекстан Республикасы Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы 2000 жылғы 10 қазандағы шартқа қосылады және одан туындайтын құқықтар мен міндеттемелерді толық көлемде өзіне қабылдайды.

2-бап

Осы Хаттама қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылады, Уағдаласушы Тараптардың ратификациялауына жатады және депозитарийі болып табылатын ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитетіне оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны тапсырған күнінен бастап күшіне енеді.

3-бап

Осы Хаттама БҰҰ Жарғысының 102-бабына сәйкес Біріккен Ұлттар Ұйымының Х а т ш ы л ы ғ ы н д а т і р к е л у г е т и і с .

200 __ жылғы _____ қаласында беларусь, қазақ, қырғыз, орыс , тәжік және өзбек тілдерінде бір данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Хаттаманың мәтіні бойынша келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Уағдаласушы Тараптар орыс тіліндегі мәтінді пайдаланатын болады.

Осы Хаттаманың түпнұсқа данасы оның куәландырылған көшірмесін Уағдаласушы Тараптарға жіберетін ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитетінде сақталады.

Беларусь Республикасы үшін

Қазақстан Республикасы үшін

Қырғыз Республикасы үшін

Ресей Федерациясы үшін

Тәжікстан Республикасы үшін

Өзбекстан Республикасы үшін